

КЕЛІСІЛДІ:

**ҚР ҚМ ӘТМ ӨКФ РМКК
Әскери-патриоттық тәрбие беру
орталығының директоры**


Ж. Молдағалиев
« » 2026 г.



БЕКІТЕМІН:

**Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасының
басшысы**


К. Окасов
« » 2026 г.



**Кеңес Одағының Батыры Т. Тоқтаровты еске алуға арналған
әскери-қолданбалы көпсайыс бойынша
облыстық турнирді өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Кеңес Одағының Батыры Төлеген Тоқтаровты еске алуға арналған әскери – қолданбалы көпсайыс облыстық турнирін (бұдан әрі-Турнир) өткізуді және қаржыландыруды, мақсаты мен міндеттерін, қатысу және жеңімпаздары мен жүлдегерлерін айқындау тәртібін анықтайды.

2. Ұйымдастырушылар Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы (бұдан әрі - ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын»), ШҚО қорғаныс істері департаменті, ҚР ҚМ Әскери-техникалық мектебі, ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы, Шығыс Қазақстан облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті болып табылады.

3. Турнирдің мақсаттары мен міндеттері

- Ұлы Отан соғысына қатысқан шығысқазақстандық батырлардың есімін мәңгі есте қалдыру;
- студент және оқушы жастарға патриоттық тәрбие беру, әскери қызметтің беделін арттыру және өскелең ұрпақ арасында әскери-қолданбалы спорт түрлерін насихаттау;
- әскери іс негізінде білімдері мен дағдыларын бекіту;
- жастарды физикалық дайындыққа тарту, мақсат – сол дайындықты әскери қызметті өтеу кезінде қолдану;
- моральдық-психологиялық қасиеттерге, тәртіптілікке, өзара көмек және жолдастық қолдау көрсету сезімдеріне тәрбиелеу.

2. Турнирді өткізуге басшылық ету

4. Турнирді өткізу және дайындауға басшылық жасау ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығына, ШҚО қорғаныс істері департаментіне, ҚР ҚМ ӘТМ жүктеледі.

5. Турнирді өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.
Ұйымдастыру комитеті:

- жарыстарға қатысуға алдын ала өтінімдер қабылдайды;
- кестеге сәйкес жарыстарды өткізу күндерін анықтайды;
- кестеде көрсетілген мерзімнен бір ай бұрын жарыстарды өткізу күнін өзгертуге құқығы бар;
- командалар мен қатысушыларды жарыстарға жіберу рәсімдерін жүзеге асыру жөніндегі комиссия құрады;
- облыстық ойынның бас төрешілер алқасының, спорт түрлері бойынша төрешілер алқасының құрамын бекітеді;
- жарысқа қатысушылардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- облыстық ойын жарыстарының кезеңдерін өткізу туралы есеп жасайды.

3. Өтетін уақыты және орны

6. Турнир 2026 жылы 27 наурызда Өскемен қаласында, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі (бұдан әрі – ҚР ҚМ ӘТМ) филиалының аумағында, Промышленная көшесі, 2 В өткізіледі.

Мандаттық комиссия 8.30-9.30 уақыт аралығында ҚР ҚМ ӘТМ аумағында өткізіледі.

Облыстық ойынның салтанатты ашылуы сағат 09.00-де ҚР ҚМ ӘТМ аумағында өтеді.

7. Қатысуға өтінім (1 қосымша) облыстық мектептер мен колледж директорларының, қалалық және аудандық білім бөлімдерінің басшыларының қолымен **2026 жылғы 13 наурызға дейін or-ypv@mail.ru** электронды поштасына қабылданады, тел. 8 (7232) 70-26-74.

4. Турнирге қатысушылар

8. Сайыстарға колледждердің 1-2 курс студенттері (ұлдар), алғашқы әскери дайындық курстарын өтіп жүрген облыстық оқу орындарының 10-11 сынып оқушылары қатысады. Команда құрамы - 7 қатысушы.

9. Қатысушылардың киім формасы – камуфляжданған, бас киімде, белбеу, залға арналған спорттық аяқ киім. Әр қатысушының өзімен бірге толық жабдықталған газқағар болуы тиіс.

10. Қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

- облыстық әскери-қолданбалы көпсайыс турниріне қатысатын команда мүшесінің дені сау болуы, медициналық қарсы көрсетілімдері болмауы, қауіпсіздік техникасын сақтап білуі міндетті;
- өткізілетін сайыстар туралы ережені білуі және оларды қатаң сақтауы тиіс;
- Турнирге көрсетілген уақытта және белгіленген киім формасында келуі тиіс;
- өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс;
- қатысушыларға арналған орында болуы және Турнирге арналған тәртіпті сақтауы тиіс;
- төрешілердің нұсқауларын бұлжытпай орындауы тиіс;
- қарумен жұмыс істеу ережелерін қатаң сақтауы тиіс;

- төрешілерге тек жаттығуларды орындауға қатысты шұғыл мәселелер бойынша ғана тікелей жүгінуге болады. Барлық басқа жағдайларда төрешілер алқасына команда жетекшісі арқылы ауызша немесе жазбаша өтініммен жүгінуге болады.

11. Команда жетекшісі:

- қару мен оқ-дәрілердің сақталуына, команданың тәртібіне, команда мүшелерінің Турнир регламентінің реттілігін, белгіленген киім формасын, қауіпсіздік шараларының қамтамасыз етілуіне жауап береді;

- белгіленген мерзімде төрешілер алқасына Турнир ережесінде қарастырылған құжаттарды ұсынады.

12. Команда жетекшісіне:

- төрешілер жұмысына араласуға, сондай-ақ жекелеген қатысушыларды ауыстыру немесе оларды сайыстан алу туралы өз еркімен шешім қабылдауға тыйым салынады;

- Турнирді өткізу барысында қатысушыға облыстық турнирді өткізу ережесінде қарастырылмаған көмекті көрсетуге тыйым салынады.

5. Турнир кезендері

13. Турнир кезендері:

- саптық байқау – (барлық бөлімшелер қатысады);

- ММГ АК-74 шашу және жинау (2 қатысушы);

- газқағарды кию бойынша нормативті орындау (барлық бөлімшелер қатысады);

- ЖҚК кию бойынша нормативті орындау (2 қатысушы);

- турникте тартылу – (2 ұл қатысады);

- орыннан ұзындыққа секіру (барлық бөлімшелер қатысады);

- АК магазинін патрондармен оқтау (1 қатысушы).

Материалдық қамтамасыз ету:

- секундомер 4 дана;

- оқу патрондары бар АК магазині -2дана;

- ММГ АК-74 – 2 дана;

- әр қатысушыны газқағармен команда жетекшілері қамтамасыз етеді;

- ЖҚК-2 дана;

- рулетка.

6. Жеңімпаздарды анықтау

14. Сайыс қорытындысын төрешілер алқасы әрбір кезендерде төрешілер ұсынған Турнир нәтижелері негізінде шығарады. Жеңімпаздарды және жүлдегерлерді командалар Турнирдің әрбір кезеңінде жинаған ұпай сомасы бойынша анықтайды. (Жалпыкомандалық орын командалардың әрбір кезеңде алған орнының ең кем сомасы бойынша анықталады). Алынған ұпай саны бірдей болған кезде –жеңімпаз саптық байқау нәтижесі бойынша анықталады. Аталмыш көрсеткіш бойынша тең болған кезде – автоматты шашу және жинау нәтижелері бойынша.

- Төрешілер алқасы және бағалау жүйесі
- нәтижелерді бағалау үшін төрешілер алқасы құрылады, оған Турнир кезеңдерінің төрешілері енеді;
 - төрешілер алқасының құрамы қатысушыларға Турнир басталар алдында хабарланады;
 - Турнирдің өтуі барысында тәртіп бұзғаны үшін команда Турнирден шеттетіледі, бұл туралы шешім төрешілер алқасының хаттамасымен рәсімделеді;
 - сайыстың әр түрі бойынша жиынтық хаттамада ең үздік үш нәтиже көрсетіледі, қатысушының тегі мен аты жазылады.

7. Марапаттау

15. Жарыстың соңғы кезеңінде I, II, III орын алған командалар естелік кубоктармен және дипломдармен, ойыншылар тиісті дәрежедегі медальдармен марапатталады.

8. Қаржыландыру

16. Іс-шараны қаржыландыруды бекітілген сметаға сәйкес ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығы жүзеге асырады.

17. Турнир аудандық, қалалық кезеңдерін аудандық, қалалық білім бөлімдері қаржыландырады.

18. Командаларды іссапарға жіберуге байланысты шығындарды (екі жаққа да жол жүру, тәуліктік жол жүру, жарыс кезінде тұру және тамақтану) іссапарға жіберген ұйымдары көтереді.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ТУРНИРГЕ РЕСМИ ШАҚЫРУ БОЛЫП САНАЛАДЫ

**Кеңес Одағының батыры Т. Тоқтаровты еске алуға арналған
әскери-қолданбалы көпсайыс бойынша
облыстық турнирді өткізу ережесіне
ҚОСЫМША**

Командалар белгіленген орында екіқатарлы сапқа тұрады. Жеребе өткізілгеннен кейін, сайыстардың өту тәртібі түсіндіріледі.

1 кезең: Саптық байқау.

Бөлімше командирінің баянаты.

КОМАНДИР КОМАНДАЛАРЫ: бөлімше командирі бөлімшені ортаға шығарып, бір қатарға тұрғызады да бұйрық береді: «**БӨЛІМШЕ! ТҮЗЕЛ! ТІК ТҰР! ОРТАҒА ҚАРАЙ ТҮЗЕЛ!**».

Қазылар алқасы төрағасына саптық адыммен жақындайды, оған қарай бұрылады да баяндайды: «**(Әскери шені) Мырза! (Білім беру ұйымының атауы) командасы Т. Тоқтаровты еске алуға арналған әскери-қолданбалы көпсайыс бойынша облыстық турнирге қатысу үшін сапқа тұрды! Бөлімше командирі ... (тегін атайды).**

Бөлім командирінің сапқа оралуы. Төраға бұйрық береді: «**ЕРКІН ТҰР!**», командир бұйрықты қайталайды: «**ЕРКІН ТҰР!**». Төраға бұйрық береді: «**САПҚА ТҰР!**», командир жауап береді: «**ҚҰП БОЛАДЫ!**» және саптың оң қапталына тұрады.

Қазылар алқасы төрағасының сәлемі: «**СӘЛЕМЕТСІЗДЕР МЕ, Т. ТОҚТАРОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ-ҚОЛДАНБАЛЫ КӨПСАЙЫС БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРГЕ ҚАТЫСУШЫ МЫРЗАЛАР!**».

Терең тыныс алудан соң жауап қайтарылады: «**СӘЛЕМЕТСІЗ БЕ, (ӘСКЕРИ ШЕНІ) ... МЫРЗА**». Төраға бұйрық береді: «**САПТЫҚ АМАЛДАРДЫ ОРЫНДАУҒА КІРІСІҢІЗДЕР!**». Мына бұйрықтар орындалады: «Сапқа тұр!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Жинал!», бір орында айналу. Ажырау, қабысу. Бірқатарлы саптан қосқатарлы сапқа тұру және керісінше. Саптан шығу және қайта сапқа оралу (1 адам қатысады).

Аталмыш кезеңде белгіленген киім формасын және атрибутиканың сақталуы, саптың тәртібі, бөлімше командирінің бұйрықты нақты әрі дұрыс беруі, бөлімше жеке құрамының саптық амалдарды орындауы бағаланады. Элементтердің орындалуы үшін бағалар бесбалдық жүйе бойынша қойылады.

Жеңімпаз болып сомасында ең көп ұпай жинаған команда атанады.

Кезеңдердегі ауысым команда бойынша жүргізіледі

2 кезең: ММГ АК-74 шашу және жинау (2 қатысушы)

- ММГ АК-74 үстел үстінде бекітпелі рамасы төмен қарап жатады;

- «**Автоматты толық емес шашуға кірісіндер!**» бұйрығы бойынша қатысушы орындауға кіріседі. Аяқталған соң уақыты жазылып алынады.

3 сек айып қосылатын қателіктер:

- АК шашу немесе жинау реттілігін бұзғаны үшін;

... - қарумен жұмыс істеу қауіпсіздігі ережесін бұзғаны үшін (бұзу кезінде оқтық тексерілмеген, жинағаннан кейін әскери взводтан тетік алынбаған, сақтандырғышқа қойылмаған);

- автомат детальдарын жан-жаққа шашқаны үшін.

Автоматты шашу және жинау кезінде жиынтық уақыттары ең аз команда қатысушылары жеңімпаз атанады.

3 кезең: Магазинді патрондармен оқтау (1 қатысушы)

Патрондар үстел үстінде шашылып жатады, магазин жанында. «Магазинді оқтауға кірісіңдер!» бұйрығынан кейін қатысушы магазинді оқтауға кіріседі. Төреші бұйрығы бойынша уақыт нормативті орындағаннан кейінгі саптық қалыпты қабылдауға дейін есептеледі.

Нормативке ең аз уақыт жұмсаған команда қатысушысы жеңімпаз атанады.

4 кезең: №1 АҚ «Газқағар кию» нормативін орындау (бөлімше)

3 сек айып қосылатын қателіктер:

- противогазды кию кезінде көздің жұмылмағаны;

- дем алу және шығару жасалмаған;

- шлем-маскада қыртыстар бар;

- газқағар мөлшері сәйкес емес;

- газқағар жарақталмаған (бирка, терлемейтін пленкалар, сөйлесу құрылғысының мембранасы).

Газқағардарды бәрінен тез киген команда жеңімпаз атанады (уақыт нормативті ең соңғы болып орындағанға дейін есептеледі).

5 кезең: «Жеңді плащ» түріндегі жалпы әскери қорғаныш комплектісін (ЖҚК) кию (2 қатысушы)

Газқағар бен ЖҚК қалыпта жаяу серуендеу жағдайда. Қорғаныш құралдарын кию залалсыз жерде жүргізіледі. Кезең төрешісінің бұйрығы бойынша: «Жеңі бар плащты, шұлықты, қолғапты киіңдер! Газ!» қатысушы қорғаныш комплектісін киеді.

Нормативті орындау реттілігі:

- комплектіні сөмкеден шығару және ашу, шұлық кию;

- шұлық бретелькаларын шалбар белбеуіне бекіту;

- плащты кию;

- газқағарды дайындау;

- капюшон кию;

- плащ етегін түймелеу;

- қолғап кию және жеңнің белдігін түймелеу.

Айып уақыты:

1. Шұлық белдіктері түймеленбеген немесе шұлық толық киілмеген -5сек.

2. Плащ шеттері дұрыс түймеленбеген -5 сек.

3. Жеңінің белдіктері дұрыс түймеленбеген – 5 сек.

Норматив бұйрық берілген сәттен жеңінің белдіктерін түймелегеннен кейінгі курсанттың тік қалыпты қабылдауына дейін есептеледі.

Жеңімпаз болып жиынтық уақыты ең аз команда қатысушылары табылады.

6 кезең: Турникте тартылу (2 қатысушы)

Президенттік тест туралы ережеге сәйкес орындалады: турникті қолмен жоғары жағынан ұстау, тартылу кезінде иек турниктен жоғары болуы тиіс, аяқтар

тік (аяқтардың тізеден аздап бүгілуіне, аяқтың аяқты ілуіне жол беріледі). Жұлқи тартылуға тыйым салынады.

Ең көп тартылған команда қатысушылары жеңімпаз атанады.

7 кезең: Орыннан ұзындыққа секіру

Бөлімше белгіленген жерге сап түзейді. Бірінші нөмір секіреді, оның ұзындығы өлшенеді, екінші нөмір бірінші нөмір секіріп түскен жерге келіп секіреді және т.с.с. Бүкіл бөлімше қатысады. Секірулердің жалпы ұзындығы өлшенеді.

Ең ұзын қашықтыққа секірген команда жеңімпаз атанады.

Турнир жеңімпазы болып турнир кезеңдерінде ең аз орындар сомасын алған команда саналады.